



Т.С.  
**EGE ÜNİVERSİTESİ REKTÖRLÜĞÜ**  
**Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü Müdürlüğü**  
**Türk Dili ve Lehçeleri Anabilim Dalı Başkanlığı**

Шетелдік ғылыми кеңесші, Егей университетінің профессоры,  
доктор Ибрахим Шахиннің

**ШКІРІ**

**PhD докторлық диссертацияның тақырыбы:** Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибие: норма және узус

**PhD докторанттың аты-жөні:** Сарсенбай Жанат Асылханқызы

**Мамандығы:** 8D02307 – Қазақ филологиясы

Жанат Асылханқызының ұсынып отырған диссертациясының тақырыбы: «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибие: норма және узус». Ізденуші жұмысты жазу барысында, қазақ және ағылшын тілдеріндегі қажетті әдебиеттерді, сондай-ақ, берілген тақырып бойынша орыс, түрік тілдеріндегі кітаптар мен монографияларды оқып шықты. Ғылыми тағылымдама бағдарламасы аясында докторант Измир қаласы (Түркия) Егей университетінің кітапхана қорын тиімді пайдаланды. Жанат Асылханқызы Егей университетінде өзінің шетелдік ғылыми кеңесшісі Ибрахим Шахиннен кеңес алып, зерттеу еңбегін жеңілдету мақсатында аннотацияланған библиографиялық әдебиеттер тізімін жасады.

Зерттеу жұмысының тақырыбы жаһандану, әлеуметтік лингвистика, билингвизм, аударматану, мәдениеттану тұрғысынан аса өзекті болып табылады. Диссертанттың зерттеуінде көтерілген сөздік құрамның, орфоэпияның, орфографияның деформациялануы, кірме сөздердің бей-берекет еніп, сөнге айналуы, аударма ісіндегі калька сөздер, тілдік сананың құлдырауы сынды құбылыстар тек қазақ тіліне ғана қатысты емес, мәдени экспансия үрдісін бастан өткеріп жатқан әрбір тілге тән. Жаһандану дәуірінде әлемдік тілдердің кеңінен қолданылуына байланысты этникалық азшылыққа ұшыраған халықтардың тіліне жойылу қаупі төніп тұр. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация жұмысының көтерген жүгі арта түседі. Норма және узус ұғымдарының тіл ғылымында зерттелуіне тоқталып, аталмыш терминдердің ара-жігін нақтылап, тілдік қолданыстың проблематикасын лингвоэкологиялық тұрғыдан шешуді ұсынады. Медиакөліктің негізгі үш бағыты: БАҚ, әлеуметтік желілер және кино тілі зерттеу нысаны болып табылады. Тілдің газет-журнал, ақпараттық сайттардағы және әлеуметтік желілер мен кинодағы қолданысына бағытталған зерттеулер жаһандану дәуіріндегі әлемдік тіл ғылымында аса маңызға ие. Себебі норма және узустың сан түрлі медиа форматтағы қолданылуына талдау жасау мәдени байланыстың тілдік экспрессияға қалай әсер ететінін көрсетеді.

Жұмыстың мақсаты – қазіргі қолданыстағы қазақ тіліне семантикалық талдау жасай отырып, стильдік қателерін анықтау. Ғылыми қағидалардың негізінде аудармашылардың, БАҚ өкілдерінің, әлеуметтік желі қолданушыларының олқылықтарын көрсету және технологиялық прогрестің қарым-қатынас тәжірибиесіне қалай әсер ететінін анықтау. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытынды мен тұжырымдар лингвоэкология

саласының аясында қолданылып, тіл саясатын жүргізуде пайдалы болуы мүмкін.

Докторлық диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сауалнамадан тұрады. Зерттеу еңбегінде Жанат Асылханқызының норма мен узустың трансформациясы, деформациясы турасында маңызды тұжырымдар мен қорытындылар бар.

Диссертациялық жұмыс жүйелі жазылған, тарауларда келтірілген мысалдар, тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, аша түседі. Докторант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді, пікірлерінен мысалдар келтіреді. Ғылыми көзқарастарын өзі жүргізген әлеуметтік сауалнамалардың қорытындысымен, БАҚ беттеріндегі хабарламалардың, кино-сериалдардағы диалогтерден үзінді келтіріп, желі қолданушыларының пікірлерін скриншоттай отырып, дәйектейді. Норма және узус санатындағы сөздерді мысалға алғанда жүйелі, көрнекі сызылған кестелерді пайдаланған. Докторанттың еңбегі тілдік құбылыстарды қазіргі коммуникациялық технологиялық тұрғысынан тереңдете зерттеуімен құнды. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және кинода қазақ тілінің қолданылуын талдау тіл нормалары мен қолданыс эволюциясына технологиялық прогрестің тигізген әсерін анық көрсетеді.

Маған әр салада жүргізілген зерттеулердің тереңдігі, тиянақтылығы ұнады. Автор тілдік сана мен медиакеңістіктің арасындағы байланысты нақты анықтап берген. Бұл тәсіл тіл стандарттарының қазіргі коммуникация құралдарына қалай бейімделетіні туралы құнды ғылыми түсініктер береді. Сонымен қатар, диссертация жаһандану дәуіріндегі тілдік және мәдени ерекшелікті сақтау мәселесінің өзектілігін атап көрсетеді. Технологиялық прогрестің, жаһандану үрдісінің және қазақ мемлекеті ұстанған қос тілділік, үш тілділік саясатының тілдік нормаға, қазақ тілінің үндестік заңына тигізген кері әсерін дәлелдеп, ғалымдардың пікірімен қуаттайды.

Жанат Асылханқызының жұмысы PhD докторлық диссертация талаптарына сай. Зерттеу еңбегі академиялық тілмен жазылған, ғылыми, әдіснамалық және теориялық негіздері жақсы. Аталған жұмыс аяқталған жұмыс болып есептеледі. Диссертация зерттеу еңбектерінің кең библиографиясын қамтиды. Докторанттың қорытындылары ғылыми тұжырымдарға негізделіп, пікірлер мен ұсыныстарын нақты мысалдармен дәйектеп, білдіреді. Біздің ойымызша, ғылыми жұмысты академиялық еңбек деуге толықтай негіз бар. Сол себептен аталған диссертация жұмысы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне әбден лайық және қорғауға жіберілуі тиіс деп санаймын.

Құрметпен,  
Егей университетінің профессоры  
Ибрахим Шахин

